# Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университеті

***Мамандығы:*** *Жалпы медицина*

***Пән:*** *Ақпараттық коммуникациялық технологиялар*

***Кафедра:*** *Жаратылыстану ғылыми пәндер*

***Курс:*** *1*

***Тақырыбы:*** *Қашықтықтан оқыту сабағының мазмұны және құрылымын жобалау. Таңдау компоненттері*

***Орындаған:*** *Құлтас Халида Орынбасарқызы*

***Тексерген:*** *Алпысбаева Гүлнұр Қозыбаққызы*

***Тобы:*** *118 «А»*

## *ЖОСПАРЫ:*

***Кіріспе***

*1) Қашықтықтан оқытудың білім саласындағы рөлі*

***II. Негізгі бөлім***

*1) Қашықтықтан оқыту дегеніміз не және оның атқаратын қызметі.*

*2) Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары*

*3) Қашықтықтан оқыту технологиясын ұйымдастыру*

***III. Қорытынды***

***IV. Пайдаланған әдебиеттер.***

# Қашықтықтан оқыту жағдайында жүзеге асатын қағидалар:

1. интерактивтілік
2. бейімділік
3. ізгіліктілік
4. модульдік

# *Қашықтықтан оқытуды құрудың базалық принциптері:*

*тиімділік* | *түсініктілік* | *сапалылық*

- *Қашықтан оқыту курсы* – бұл тек сабақтардың мәтіні ғана емес, желіде сәйкес ақпартты іздестіру, курс тьюторларымен де, басқа оқушылармен де хат алмасу, Интернет арқылы таратылатын деректер базасын, мерзімдік ақпарттық басылымдарды пайдалану да енген тұтас үдеріс.

# *Қашықтықтан оқытудың білім саласындағы рөлі*

*Соңғы он-он бес жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымында елеулі өзгерістер болып жатыр. Оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологияларға негізделген қашықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесән өркендетудің басты мақсаттарының бірі- оқушылардың кез-келген мектептер, колледждер мен университеттегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына мүмкіндік туғызбақ.*

**Қашықтықтан оқыту жүйесі видеодиск, компакт дискке жазылған курсты автономды түрде қолдана алуға жол ашады, яғни олардың арқасында білім алушы мен оқытушы арасында қарым қатынас пайда болады.**



# *Қашықтықтан оқыту дегеніміз не?*

***Қашықтықтан оқыту*** *– бұл оқу үдерісінің оқытушы мен студенттер арасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі.*

*Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытудың 2 технологиясы пайдаланады:*
*1 - желілік технология – Интернет арқылы оқу. Университеттің білім беру порталында студенттер электрондық курстарға тіркеледі, ондағы бар материалды дәрістер және басқа оқу қорлары бойынша оқиды. Сосын автоматты түрде тестіленеді немесе тапсырмалар орындайды. Оқытушы, тапсырманы тексеріп, пікір жазып, баға қояды.*
*2 - кейстік технология, студентке оқу-әдістемелік кейс, яғни семестрге барлық материалдар мен тапсырмалар беріледі, ол тапсырмаларды орындап, график бойынша оқытушыға жіберіп отырады.*

# Мақсаты:

- *Білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру.*

# *Міндеттері:*

- *Халықаралық тәжірибеге сәйкес үздік отандық білім беру жүйесінің негізінде ҚР МБМБС және оқу жұмыс бағдарламаларының негізінде студенттер білімінің жоғары деңгейге жетуі;*
- *Қашықтықтан оқытуды пайдаланушылардың әлеуметтік-мәдени және психологиялық жас ерекшелігін ескере отырып, теориялық, ғылыми-психологиялық арнайы әдістемелер құрастыру;*
- *Оқу үрдісі мен ЖОО-нын басқаруда пайдаланылатын ақпараттық технологияларды дамыту.*



## ***Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:***

- *Оқытушының да, студенттің де оқытудың уақыты мен орнын тиімді таңдай білуі:*
- *Білімнің тиянақтылығы;*
- *Оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынастың қажеттілігінше болуы;*
- *Білім берудің дифференциациясы мен индивидуализациясы;*
- *Уақыт пен қаржының үнемділігі;*
- *Ата-ана бақылауы (ата-аналардың білім беру үрдісін және оқытушылармен қарым-қатынасын бақылау мүмкіндігі).*

# Қашықтықтан оқыту технологиясы

MyShared

*ҚО ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар*

*Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.*

*Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.*

*Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.*

*Осы технология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп сабақ өтуші тұлғаны тьютор деп атаймыз.*




HOME
SCHOOLING

# Қорытынды:

*Қашықтан оқыту технологиясы –оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады*

# Пайдаланған әдебиеттер

*1. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2005 ж (11-14 б)*

*2. Қазақстан және ТМД елдеіндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).*

*3. «Информатика негіздері» журналы №4-2008 жыл – Ж. Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі»*

*4. Білім технологиялары -2010.-№ 2*